

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы

Мемлекеттің сыртқылықтың қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыртқылыққа қарсы стратегиясы (бұдан әрі — Стратегия) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері өз қызметінде Стратегияны басшылыққа алсын және оны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.
3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 26 желтоқсан 2014 жыл
№ 986

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2014 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 986 Жарлығымен

БЕКІТІЛДІ
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯСЫ**

1. Кіріспе

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сыйбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен құресте қүш-жігерді біріктіруге бағыттайды.

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді. Біздің елімізде қазіргі заманғы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, оның негізі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қурес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы үекілетті орган құрылды, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мұліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі накты ажыратылып және айқындалып қалыптасты. Шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыстарын қыскартатын және сыйбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдайларды барынша азайтатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын дамыту мен мемлекеттік аппараттың жұмысын ақпараттандыру жөнінде кешенді шаралар қабылданды.

Қазақстанға әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіруге мүмкіндік берген азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, ұлттық экономиканың өсуі, бизнесі жүргізу жағдайларын, халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік белсенделілігін жақсарту, электрондық үкіметті енгізу жөніндегі қолданылып жатқан шаралар да занға бағыну мәдениетін және жүріс-тұрыстың жалпы қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы модельдерін қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды. Сонымен бірге экономиканың одан әрі өсуі, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің неғұрлым дамыған бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарына кіру жөніндегі өршіл міндетті жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешу мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды және оны іске асырудың азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруды талап етеді, бұл сыйбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді. Бұл орайда қазіргі кезеңде мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны (бұдан

әрі — Стратегия немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) айқындастын жаңа бағдарламалық құжатын қабылдау қажеттігі болып тұр. Мұндай құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбекейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті превентивтік сипаттағы кешенде шараларға жетекші рөл берілуі тиіс. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен құреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылуы тиіс.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпкерлердің құқықтары мен занды мұдделерін кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерінен тиімді корғау жөніндегі шаралардың басымдығын да көздейді. Тұластай алғанда, мұндай Стратегия мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жан-жақты және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенінің әзірленуін және жүзеге асырылуын көздеуге, сөйтіп, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ақ, жекеше секторда сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстандық азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға тиіс.

Бұл ретте Стратегия айқындастын базалық бағыттар түпкілікті болуы мүмкін емес. Олар жекелеген іс-шаралардың орындалуына байланысты және сыбайлас жемқорлық құбылысына, оның себептеріне, сыбайлас жемқорлық жүріс-тұрысты ынталандыруға терең талдаудың нәтижелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес саласындағы істердің жай-күйін байсалды және объективті бағалауды ескере отырып түзетілуге тиіс.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он үрдістер

Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын он үрдістер байқалды, оларды қүшету және дамыту ел дамуының қазіргі заманғы кезеңінде осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны табысты іске асырудың кепілі болады.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келеңсіз құбылыспен құрестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» [Занда](#) қабылдады. 2001 жылдан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шенберінде сыбайлас жемқорлық көріністері пайда болуының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі нақты шаралар қабылдануда. 1999 жылдан бастап қолданыстағы [«Мемлекеттік қызмет туралы»](#) Заң және 2005 жылы Мемлекет басшысы бекіткен Мемлекеттік қызметшілердің [Ар-намыс кодексі](#) Қазақстанда есеп берушілік, ашықтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін негіз жасады. Мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы реттеуіші және құқық қорғау функцияларын біріктіретін арнайы мемлекеттік орган құрылды. Ол мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен өткери және мемлекеттік аппарат тазалығына мониторинг жүргізу мәселелерін реттеуге ғана арналған емес, оған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның профилактикасы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарды қылмыстық қудалау функциясы да берілген. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылады.

Жаза бұлтартпастылығы қағидаты табысты іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасағаны үшін әшкөреленген шенеуніктер атқарып отырған қызметтері мен шендеріне қарамастан, заңның барынша қатаңдығы бойынша жауапты болады.

Қылмыстық-құқықтық саясат сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін лауазымды адамдардың қатаң жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Сыйбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қatal жауапкершілік қажеттілігі Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат [тұжырымдамасында](#) көзделген.

Осылай қағидаттық тәсіл жаңа [Қылмыстық кодексте](#) іске асырылған. Мәселен, сыйбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарға мерзімнің ескіруі қолданылмайды, шартты түрде соттауға тыйым салынған, мемлекеттік қызметте лауазымға орналасу құқығына өмір бойына тыйым салу енгізілді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін басшылардың дербес жауапкершілігі жөніндегі нормалармен толықтырылды. Онда «мұдделер қақтығысы» деген маңызды үғым бекітілген.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшетумен қатар олардың әлеуметтік кепілдіктері де жетілдірілуде.

Мемлекеттік аппараттың еңбекақысын кезең-кезеңмен, үнемі көтеріп отыру мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауы үшін жағдайлар жасауға арналған. Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасында құқық тәртібі органдарына деген сенім деңгейін арттыруға, мінсіз жүргіс-тұрыспен және құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шаралар көзделген.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшетуге ерекше көңіл бөлінуде. Судьялар корпусын қалыптастыру тетігін жетілдіру, электрондық сот ісін жүргізуі дамыту, оның ашықтығы мен қолжетімділік деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылданды. Жер-жерде ақпаратқа қолжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік және жекеше құрылымдардың интернет-ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті.

Азаматтардың сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуы, оның ішінде мемлекеттік органдардың сенім телефондары мен веб-сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуы үшін жағдайлар жасалды.

Елдің инвестициялық тартымдылығын күшету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті, халықтың сапалы және тез арада мемлекеттік қызметтерді алудың қыннадаттын әкімшілік кедергілер жойылуда. [«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы»](#) Заңның және [«Рұқсаттар мен хабарламалар туралы»](#) Заңның қабылдануымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасалды, рұқсаттар саны мен қызметтің лицензияланатын түрлері күрт азайды. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін бағалау және оның сапасын сыртқы бақылау жүйесі қалыптастырылды.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімдерін бұзу саны (2012 жылмен салыстырғанда 8,7 есеге) және оларды көрсету сапасына шағымдардың саны (25%-ға) жыл сайын төмендеп келеді, сондай-ақ автоматтандырылған қызметтердің үлесі (2 еседен астам) және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтердің үлесі (51%-ға) үлгайды. Мемлекеттік сатып алушарды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортандың қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді. Экономиканың мемлекеттік емес секторында кәсіпкерлік қызметті жүргізу, жұмысқа орналасу және халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Тұластай алғанда, аталған шаралардың қабылдануы Қазақстанға сыйбайлас жемқорлыққа

қарсы қызмет деңгейі бойынша Орталық Азия өнірінде де, ТМД елдері арасында да көшбасшы орындардың бірін алуға мүмкіндік берді.

2.2. Шешімін талап ететін проблемалар

Күрделі, тарихи өзгермелі, келеңсіз әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыйбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны мәлім. Сыйбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді.

Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекетінің әмбебап және бәрін қамтитын анықтамасының жоқтығына қарамастан, оған ең алдымен шенеуніктердің билікті немесе лауазымдық жағдайын жеке пайда алу үшін теріс пайдалануын жатқызады, ал оның неғұрлым таралған түрлері ретінде әдетте шенеуніктерді сатып алу, қызметтік өкілеттіктерін пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану болып танылады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеудің күрделілігі оның жеке алғанда әрбір мемлекет үшін ерекшеліктеріне және оның өзгермелі сипаттамаларына қарай қындықтарына да байланысты. Сыйбайлас жемқорлықтың себептерін, жағдайлары мен салдарларын айқындаған кезде жергілікті діл, ұлттық және діни ерекшеліктер, құқықтық мәдениеттің деңгейі сияқты факторлар ескерілуі тиіс.

Сонымен бірге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-қимылдың басты шарттары билік органдарының қоғамға есеп берушілігі мен оның бақылауында болуы, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігі, баяндауда анық және қолдануда күрделі емес зандар, мемлекеттің кадр саясатындағы меритократия, мемлекеттік рәсімдердің ашықтығы және қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа деген төзімсіздігі болып танылады. Экономиканы жаңғыру және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған, біздің қоғамның мәдениеті мен этикасын, осы әлеуметтік зұлымдықпен күрестегі халықаралық трендтерді ескеретін біртұтас сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға деген қажеттілік айқын бола түсude. Стратегия сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттырудың жаңа тетіктері мен құралдары үшін негіз болады. Тікелей құқық қорғау құрамдасынан басқа, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қаражатты бөлудің және пайдаланудың ғылыми негізделген нысандары мен әдістерін таңдау және осының негізінде сыйбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою да маңызды. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың түрлі салалар мен аяларда таралу деңгейін бағалау, мемлекеттік, оның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті нормативтік-құқықтық реттеудегі олқылықтарды, мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктерінде туындастын проблемаларды анықтауға, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет процесінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге ықпал етеді.

Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді қабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келеді, бұл жиынтығында сыйбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келеңсіз факторларды қалыптастырады.

Үлттық заңнаманың базалық салаларының болып жатқан сапалы жаңаруына қарамастан, қолданыстағы ұйымдастыруышылық-құқықтық тетіктерде басты проблема тиісті құқық қолдану мәселелерінің шешілмеуі болып қалып отыр. Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау құралдарының барлық арсеналын пайдалану әлі де өзекті проблема болып табылады. Қолданыстағы заңнаманың және қазақстандық құқыққа тән институттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін пайдаланылмаған әлеуеті бар, оны толыққанды іске асыру мүмкіндігі осы саладағы шетелдік модельдер мен тәжірибелі енгізу мәселелерін қараған кезде барынша ескерілуге тиіс.

Алдын алу-профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс.

Бұл ретте назар жергілікті билік органдарының қызметіне де аударылуы тиіс, өйткені, өнірлердегі істердің жай-күйі үшін олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі кеңейтіледі және дәл солар өз мемлекеттік көрсетілетін қызметтерімен азаматтардың құнделікті мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Тұтастай алғанда, уәкілетті органның қызметінде оның құқық қорғау және реттеуші функциялары арасындағы теңгерім сақталуы тиіс.

Мемлекеттік функцияларды орындаған кездегі мүдделер қақтығысы да мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін маңызды себептердің бірі болып табылады. Мемлекеттік функцияларды, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру тетіктерін еткілік-тегжелі талдау сыбайлас жемқорлықтың таралуына ықпал ететін себептерді айқындауға және жоюға мүмкіндік береді. Осы қүнге дейін азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға және құқықтық ағартуға, әсіресе, халықтың құнделікті өмірінде негұрлым сұранысқа ие қолданыстағы құқықтың салалары мен нормалары бойынша жеткілікті көңіл бөлінбей келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насиҳат негізінен бір жолғы акциялармен және науқандармен, бұкарапаттық ақпарат құралдарындағы шаблон түріндегі сөздермен шектеледі, интернет-кеңістік жеткіліксіз пайдаланылады. Іс жүзіндегі ақпараттық өріс сыбайлас жемқорлық көріністеріне мұлдем төзбеушілікті қалыптастыруды қоғамды шоғырландыруға әрдайым ықпал ете бермейді. Сыбайлас жемқорлық проблемаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет қабылдап жатқан шаралардың тиімділігін зерделеуге арналған социологиялық зерттеулердің денгейі мен сапасы жетілдіруді қажет етеді. Қызметтік этиканың нормалары мен қагидаларын бұзушылықтардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзінен әлі де заңнамалық денгейде аражігі ажыратылған жоқ, бұл сыбайлас жемқорлықтың нақты көрінісін бұрмалайды, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі өзекті бағыттарына күш-жігерін шоғырлауға кедергі жасайды және елдің сыбайлас жемқорлық рейтингінің негізсіз есуіне әкеледі.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері мен тиісінше оларды жасағаны үшін қолданылатын жаза денгейлері арасындағы аражік нақты ажыратылмаған. Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне деген тәсілдерді де айқындау уақыты келді.

Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласуы сыбайлас жемқорлықтың таралу саласын және оның анықтамасына жататын адамдар тобын айқын түсінуге негізделуі тиіс. Бұл ретте бизнесті дамыту үшін әкімшілік кедергілер мен елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету ісінде қызындықтар жасалмауы тиіс. Тұтастай алғанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуы қыскаруға тиіс. Тәуелсіз Қазақстанның жалпы әлемдік кеңістікке одан әрі кірігуі бойынша жасап жатқан

қадамдары біздің елімізді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде қабылданған белгілі бір халықаралық стандарттарды ескеруге міндеттейді. Сонымен бірге, мұндай стандарттар шетелдік серіктестердің ұсынымдарын пайдаланып қана енгізілмеуі тиіс. Халықаралық тәжірибе оның ережелерінің ел [Конституциясына](#), қалыптасқан заңнамалық және құқық қолдану практикасына сәйкес болуы түрғысынан, дәстүрлі және біздің елге тән құқықтық төтіктер мен институттардың қалыптасу және жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, мұқият зерделенуге және егжей-тегжейлі талдауга жатады.

2.3. Сыйбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін қалыптастыру үшін ең алдымен қазіргі заманғы жағдайларда оның көріністеріне ықпал ететін негізгі факторларды айқындау қажет.

Оның ішінде қазіргі уақытта неғұрлым өзектісі біріншіден, олардың нормалары құқық қолдану кезінде сыйбайлас жемқорлық іс-эрекеттерін жасауға көбіне жағдайлар жасайтын салалық заңдардың жетілдірілмеуі болып табылады. Құқықтанудың қыр-сырын білмейтін азаматтар үшін практикада мұндай заңдардың ережелерін дұрыс түсіну мен тиісінше ұғыну қынға соғады. Екіншіден, мемлекеттік және корпоративтік басқару ашықтығының жеткіліксіз болуы. Басқарушы шешімдерді әзірлеу және қабылдау процестері, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерін қозғайтын шешімдер туралы сөз болған жағдайларда әлі де ең жабық процестердің бірі болып қалуда.

Үшіншіден, лауазымды адамдардың мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кездегі халықпен тікелей байланысина байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда. Төртіншіден, халықтың, оның ішінде мемлекеттік сектор қызметшілерінің өздерінің құқықтық мәдениетінің деңгейі әлі де төмен, бұл арам пиғылды қызметкерлерге оны пайдакүнемдік, құқыққа қарсы мақсаттарда пайдалануға мүмкіндік береді. Бесіншіден, азаматтар мінез-құлдығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы моделін және сыйбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсатты ақпараттық жұмыстың болмауы. Алтыншыдан, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының енбекақысының және мемлекеттік қызметтегі әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіз деңгейі.

3. Мақсат пен міндеттер

3.1. Мақсат пен нысаналы индикаторлар

Осы Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мұлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегияда қолданылатын нысаналы индикаторлар:

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасы;
- қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімі;
- халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейі;
- елдің халықаралық қоғамдастықтағы беделін арттыру және тиісті халықаралық рейтингтерді, оның ішінде «Transparency International» сыйбайлас жемқорлықты қабылдау индексіндегі Қазақстанның рейтингін жақсарту.

3.2. Стратегия міндеттері:

- мемлекеттік қызмет саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;

- қоғамдық бақылау институтын енгізу;
- квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- соттар мен құқық қорғау органдарында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Стратегияның мақсаты мен міндеттері «Қазақстан-2050» [Стратегиясының](#) мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламасының ережелерін, сондай-ақ басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары мен пікірлерін ескереді.

4. Түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар

4.1. Мемлекеттік қызмет саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес иғліктер заңсыз алынады, оның нәтижесінде қоғам мұдделеріне нұқсан келтіріледі және мемлекеттік биліктің беделі төмендейді.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілеттіктерді пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану пайдасыз және мүмкін емес болатын шараларды одан әрі қабылдап, жағдайлар жасайды.

Осында маңызды шаралардың бірі мемлекеттік қызметшілердің тек қана кірістерін емес, сондай-ақ шығыстарын да декларациялау болмақ. Бұдан әрі мұндай декларациялау бүкіл халыққа қолданылады, бұл мемлекеттік қызмет жүйесінде занылыштықты сақтауға және ашықтықты қамтамасыз етуге оң ықпал етеді.

Мемлекеттік аппаратта сыйбайлас жемқорлықтың деңгейін азайту үшін шенеуніктердің еңбекақысы мен әлеуметтік женілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңмен жоғарылату көзделген. Бұл міндет мемлекеттік қызметшілер еңбекақысының жекеше сектормен салыстырғанда әзірше бәсекеге қабілеттілігі жеткіліксіз екендігін ескере отырып та өзекті бола түседі. Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы — сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі. Сыйбайлас жемқорлық көріністері үшін алғышарттардың бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланысы болуы да болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыйбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады.

Осыған байланысты бірқатар мемлекеттік функцияларды мемлекеттік емес секторға — өзін өзі реттейтін ұйымдарға кезең-кезеңмен беру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану да адам факторының ықпалын барынша азайтады.

Нәтижесінде халыққа электрондық форматта көрсетілетін қызметтердің көлемі өсетін болады, оның ішінде осындағы форматта рұқсаттарды беру де қамтамасыз етіледі. Білім беру мен денсаулық сақтауды қоса алғанда, әлеуметтік саланың базалық салаларында тиісті қызметтерді электрондық түрде көрсету сыйбайлас жемқорлықты төмендетуге ықпал етеді.

Қызметтің неғұрлым сыйбайлас жемқорлықшыл саласына жататын мемлекеттік сатып алу жүйесі жаңғырылатын болады. Нақ осында әрбір төртінші сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасалады.

Ахуалды түбегейлі жақсарту үшін бірыңғай операторды бекіту, тауарларды автоматтандырылған түрде таңдауды енгізу, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді қабылдау рәсімін жетілдіру сияқты шаралар қажет етіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде кеден, салық салаларында, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, банк қызметі салаларында мемлекеттік қызметтерді көрсету рәсімдері барынша автоматтандырылады.

«Бір терезе» қағидаты бойынша (ХҚҚО арқылы) халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі де кеңейтіледі. Тұтастай алғанда, сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда ашықтық қағидаты түйінді фактор болып табылады, сондықтан да оны енгізу жөніндегі жұмыс тұрақты, жүйелі негізде, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне мониторинг арқылы жүргізілетін болады.

4.2. Қоғамдық бақылау институтын енгізу

Сыйайлас жемқорлық профилактикасының пәрменді тетігі қоғамдық бақылау болып табылады.

Мұндай бақылауды енгізу азаматтық қоғам институттарын жандандыруды ғана емес, тиісті заңнамалық реттеуді де талап етеді.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңың қабылдануы азаматтық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың базалық қағидаларын нормативтік құқықтық бекіту арқылы алғашқы рет оның біртұтас жүйесін құруға мүмкіндік берер еді. Мұндай заң оның институттары мемлекеттің беделін нығайтуға және мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын арттыруға жәрдем ететін азаматтық қоғамды одан әрі дамытуда маңызды рөл атқаруға арналған.

Азаматтардың құқықтары мен мұдделерін қозғайтын мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар, мемлекеттік органдар шешімдеріне қоғамдық сараптама өткізу үшін басшылардың жүртшылық алдындағы есептерін тыңдау және азаматтардың алқалы органдардың жұмысына қатысуы үшін құқықтық негіз жасалатын болады. Заң сыйайлас жемқорлыққа қарсы міндеттердің өзін де, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешуге де ықпал етеді. Бұл ретте қоғамдық бақылаудың ел [Конституциясының](#) талаптарына сәйкес мемлекеттің бақылаушы функцияларынан аражігі нақты ажыратылуға тиіс.

Мемлекеттік аппарат жұмысының ашықтығын қамтамасыз етудің тағы да бір құралы «Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заң болуы тиіс, ол жария ақпаратты алушылардың құқықтарын, оны беру, есепке алу және пайдалану тәртібін бекітеді. Жария ақпаратқа еркін қолжетімділік халықтың шенеуніктермен артық байланысы қажеттілігін болдырмайды.

Сыйайлас жемқорлықпен табысты күрестің аса маңызды факторы азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысу мүмкіндігі болып табылады. Бұған жергілікті өзін өзі басқарудың өкілеттіктерін кеңейтуді қөздейтін заңың қабылдануы ықпал етеді.

Халыққа ең алдымен жергілікті өзін өзі басқарудың бюджеттік бағдарламалары бойынша қаражаттың пайдаланылуына мониторинг пен бақылауға қатысу мүмкіндігін берген жөн.

4.3. Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйайлас жемқорлықтың қаупін оның мемлекеттік сектордағы ауқымдарымен толық салыстыруға болады.

Квазимемлекеттік секторда мемлекеттік сатып алудардың көлемдерінен жің асып кететін бюджет кезінде сырт көзге сыйайлас жемқорлықтың проблемасы соншалықты өткір емес. Алайда қазіргі ахуал бұл сектордағы ашықтықтың жеткіліксіз екендігін

айғақтайды. Сондықтан осы сектордағы есеп берушілікті, бақылауда болуды және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктер қажет.

Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі іскерлік этика мен бизнесті адаптацияның қаралыптырылғанын көрсеткенде ғана мүмкін болады.

Жұмыс істеп тұрган Ұлттық кесіпкерлер палатасы отандық бизнестің мұдделерін қорғаумен қатар оның ашықтығы мен сатылмайтындығы үшін жауаптылықта өз үлесін атқаруға және корпоративтік сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

Бұл жолдағы алғашқы қадам жасалды да — Бизнестің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы хартиясы әзірленді. Мұнда Қазақстанның сыйбайлас жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын жеке кесіпкерлігінің негізгі қағидаттары мен постулаттары жарияланған.

Қаржылық-шаруашылық қызметтің түрлі салаларында алдағы уақытта бірқатар басқа да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау керек.

Сондай-ақ квазимемлекеттік және жекеше сектор субъектілерінің азаматтарға қызметтер көрсеткен кезде ашықтықты қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау бойынша шаралар қабылданады.

Бұл, оның ішінде банк саласында электрондық технологияларды пайдалануды көнегіту, табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді айқындау үшін нақты критерийлерді белгілеу, мемлекеттің құрылымы саласы мен экономиканың басқа да салаларында қатысуын қысқарту болып табылады. Сонымен қатар жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлық көріністерімен күрес ол инвестициялық ахуалды нашарлатуға және кесіпкерлер үшін тәуекелдерді көбейтүге әкеп соқпайтындағы етіп жүргізуі тиіс.

4.4. Сот және құқық қорғау органдарындағы сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу

Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігі, бірінші кезекте, негізгі буыны сот төрелігінің мінсіз жүйесі болып табылатын болып табылатын құқықтың ұstemдігін қамтамасыз ету жүйесіне байланысты.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыру, сот төрелігін іске асырудың сапасын жақсарту үшін судьялардың қызметіндегі сыйбайлас жемқорлықты болдырмау, оның ішінде судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды қатаңдату арқылы болдырмау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сот ісін жүргізуі оңайлату, оның жеделдігін арттыру, соттардың қызметін автоматтандыру сот төрелігіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сот жүйесі қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Құқық қорғау жүйесінің жұмысындағы басымдықтар жасалған қылмыстарды анықтаудан олардың профилактикасы мен алдын алуға ауысуы тиіс.

Құқық қорғау органдарының кадр саясатында мемлекеттік әкімшілік қызметтің жүйесінде қолданылып жүрген конкурстық іріктеу тетіктерін және меритократия қағидатын енгізу қажет.

Қызметкерлерді атtestаттау және тестілеу рәсімдері жетілдірілетін болады, кадр резервін пайдаланбай ауысуға тыйым салынады.

Құқық қорғау қызметі саласында сыйбайлас жемқорлық орта да күштік құрылымдар қызметкерлерінің азаматтармен байланыстары кезінде туындауы мүмкін. Бұл проблеманың шешілуі едәуір дәрежеде құқық қорғаушылар қатарының тазалығына, жана технологиялардың одан әрі енгізілуіне және тиісті рәсімдердің автоматтандырылуына байланысты болмақ.

Тек сыйбайлас жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын құқық қорғау органдары азаматтардың құқықтарын, қоғам мен мемлекеттің мұдделерін тиімді қорғауга қабілетті.

Құқық қорғау қызметін бағалаудың басты критерийі халықтың сенімі болуы тиіс.

4.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру

Осы Стратегияда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жүртшылықтың кең қатысуымен сүйемелденуі тиіс.

Мемлекет пен қоғамның тығыз серікtestігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Қоғамның қолдауынсыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек ішінәра нәтиже береді.

Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Сатылмаушылық мінез-құлдық нормасына айналуы тиіс. Азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа деген берік иммунитет, оған деген жүртшылықтың мінеуі болмай, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды өскелен ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлдықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұластай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамту қажет. Мұның жаппай болғанымен, бұл жұмысты азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін түсінікті және білікті жеткіzetін түрлі салалардың мамандарын пайдалана отырып, кәсіби негізде істеген жөн. Бұқаралық ақпарат құралдары сыбайлас жемқорлықты қоғамның қабылдамауы ахуалын қалыптастыруды қамтамасыз етуге, қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымдарының қалыптасусына, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісіне белсенді қатысуына ықпал етуге арнаған.

Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады.

Қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбегейлі жойылуына қол жеткізу қажет. Бұл ахуалды түзеу үшін халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйелі әрі тынымсыз жұмыс жүргізілуі керек.

Қазақстанда шетелдердің үлгісі бойынша, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын азаматтарды материалдық көтермелеу енгізілген. Бұл тетік өз пәрменділігін көрсетіп келеді. Азаматтарымыздың қағидаттық ұстанымдарының арқасында көптеген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мүмкін болды. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыру қажет.

Қазақстандық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы этикасы мен мәдениеті «Мәңгілік Ел» идеологиясының контексінде қалыптастырылуы тиіс. Дәстүрлі рухани құндылықтар мен үздік халықаралық стандарттардың үйлесімді үйлесуі азаматтардың заңды мінез-құлдығының канондарын жаңадан жасауға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдамау — қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

4.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде халықаралық ынтымақтастықты қеңейтеді және тереңдете түседі.

Қазақстанның халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретіндегі тиімді сыртқы саяси қызметі біздің еліміздің халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы процестерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, оның ішінде БҰҰ-ның Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына, осы саладағы басқа да құжаттарға қосылуы соның нәтижесі болып табылады.

Бір жағынан, бұл сыйбайлас жемқорлыққа қарсы үздік практиканы пайдалануға ынталандырады, екінші жағынан — шетелдермен ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін қеңейтеді.

Біздің мемлекет өзара құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді экстрадициялау және активтерді қайтару бойынша бірқатар келісімдер жасады.

Біздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымызды жетілдіруге Еуропалық Кеңеспен өзара іс-қимыл да, бірақ өз ерекшеліктеріміз бен ұлттық заңнаманы ескере отырып, шетелдік тәжірибелі пайдалану ықпал ететін болады.

Олар арқылы шетелге, кебіне шығу тегі күмән туғызатын капитал шығарылатын және зандастырылатын оффшорлық аймақтар ерекше назарды талап етеді. Тиісті халықаралық келісімдер мен шарттарға қол қою оффшорлық компаниялар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізу, беделді халықаралық ұйымдарға қатысу практикасы жалғасатын болады. Біздің еліміз трансұлттық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін талқылау үшін беделді диалогтық алаң бола беруге ниетті.

5. Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру тетігінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган басты орган болып табылады, ал Стратегияны орындауға барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер, мемлекет қатысатын компаниялар, саяси партиялар және басқа да қоғамдық бірлестіктер және тұтастай алғанда азаматтық қоғам қатысады.

Стратегияның ережелерін кезең-кезеңмен іске асыруды Іс-шаралар жоспары қамтамасыз етеді, оны Президент Әкімшілігінің келісіуімен Үкімет бекітеді. Стратегияның мақсаттарына қол жеткізуіндің қажетті шарты ішкі және сыртқы болып бөлінетін оны орындауды мониторингтеу және бағалау болып табылады. Орындауды ішкі мониторингтеуді және бағалауды тиісті іс-шараны тікелей орындаушы жүргізетін болады, сыртқыны — арнайы құрылған мониторингтік топ жүргізеді, оған мүдделі мемлекеттік органдардың, жүртшылық пен бұқаралық ақпарат қуралдарының екілдері кіреді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылу жай-күйін тиісті мониторингтеу мен бағалаудың шарты оның ашықтығы болып табылады. Тиісті іс-шаралар орындалуының барысы туралы есептер міндетті түрде сыртқы бағалауды алу және жүртшылықтың пікірін ескеру мақсатында халықтың назарына жеткізілетін болады.

Бағалау мен жүртшылықтың пікірі Стратегияны іске асырудың кейінгі кезеңдерінде ескеріледі.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны орындаудың соңғы сатысы Мемлекет басшысының қарауына тиісті есеп енгізу болады.

Құжаттың іске асырылуы туралы жыл сайынғы ұлттық есеп бұқаралық ақпарат қуралдарында орналастырылуға жатады.

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы

26 желтоқсандағы № 986 Жарлығына
ТҮСІНДІРМЕ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия «Қазақстан-2050» [Стратегиясы](#) — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты стратегияда айқындалған мақсаттар мен міндеттерді және бесінші шақырылымдағы Парламенттің 2014 жылғы 2 қыркүйектегі төртінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысының берген тапсырмаларын іске асыруға әзірленген.

Стратегия мемлекеттің алдағы жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын көрсетеді және сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын, оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға, оның деңгейін қысқартуға ықпал ететін кешенді шараларды қамтиды.

Стратегияда еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрестің ахуалына талдау жасалады, сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар сипатталады, оларды жою жөніндегі тәсілдер мен басым шаралар, Стратегияны іске асыру тетіктері көрсетіледі.

Стратегияны іске асыру нәтижесі халыққа мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын, мемлекет институттарына қоғамның сенімін, азаматтардың құқықтық сауаты мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қүрес мәдениеті деңгейін көтеру, сондай-ақ еліміздің халықаралық рейтінгін жақсарту болуы тиіс.

Стратегияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының түйінді бағыттары:

- 1) мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- 2) қоғамдық бақылау институтын енгізу;
- 3) квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- 4) сот және құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

Осы бағыттар шеңберінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қоғамдық бақылау туралы», «Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» жаңа заңдар әзірленіп, қабылданатын болады, олар «сыбайлас жемқорлық» ұғымын қайта қарауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың аражігін нақты ажыратуға, азаматтық бақылау жүйесін құруға және оны мемлекеттің тыныс-тіршілігіне енгізуге, азаматтардың жария ақпаратқа еркін қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілерге кірістерін ғана емес, сондай-ақ шығыстарын да декларациялау міндеті жүктелетін болады.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі жаңғырту, мемлекеттік органдардың ғана емес, квазимемлекеттік және жекеше секторлардың халыққа қызмет көрсетуде барынша ашиқтығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. Сот төрелігін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласында сот төрелігіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету, құқық қорғау органдарының кадр саясатына конкурстық іріктеудің тетіктерін және меритократия қағидаттарын енгізу бойынша кешенді шаралар көзделген.

Бұл ретте аталған органдар қызметінің басымдықтары, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен олардың алдын алуға ауысатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру үшін оқу орындарында, мемлекеттік органдарда және халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды оқыту курстарын өткізу және мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылдаған шараларын жария етуге бұкараталық ақпарат құралдарын тарту жолымен жүзеге асыру ұсынылады.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту — халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастықты қүшету жолымен, оның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі іс-шаралар өткізу, беделді халықаралық ұйымдарға қатысу, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда халықаралық тәжірибелің үздік ұлгілерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте халықаралық ұсныстар мен стандарттарды енгізу мемлекеттің оған деген дайындығын, қолданыстағы ұлттық құқықтың ерекшеліктері мен қолданыстағы қалыптасқан практикасын және қазіргі бар құқықтық институттардың әлеуеті мен мүмкіндіктерін ескере отырып кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Стратегияда көзделген іс-шараларды іске асыру міндетті мониторингтеу жатады, ол екі түрде — іс-шараларды тікелей орындаушы жүргізетін ішкі және арнайы құрылған мониторингтеу тобы жүзеге асыратын сыртқы болады, мұнда тиісті мемлекеттік органдардың, қоғамдастықтың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Стратегияның орындалуы туралы есеп халық назарына жеткізілетін болады. Стратегияның ережелерін кезең-кезеңімен іске асыру да Стратегияның қолданыс кезеңінде Президент Әкімшілігінің келісімімен Үкімет бекітетін Іс-шаралар жоспарында қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің
Құқық қорғау жүйесі бөлімі.